

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық  
кеңесінің шешімімен

(2010 жылдың 30 желтоқсанындағы  
№ 32 хаттама)

**Б е к і т і л д і**

## Аудит жөніндегі комитет туралы ҚАҒИДА

---

---

Алматы қ.

2010

### **I. Жалпы қағидалары**

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы осы Қағида (бұдан әрі - Қағида) Биржалық кеңестің Аудит жөніндегі комитетінің мәртебесін, құзырлығын, жұмыс тәртібін және қызметін, сондай-ақ оның отырысын шақыру және өткізу, шешімдерін рәсімдеу процедурасын, Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін анықтайды.
2. Қағидада қолданылған ұғымдар мен анықтамалар:  
Биржа – "Қазақстан қор биржасы" АҚ;  
Биржалық кеңес – Биржаның Биржалық кеңесі;  
Аудит жөніндегі комитет – Биржалық кеңестің Аудит жөніндегі комитеті;  
Басқарма – Биржа Басқармасы;  
Президент – Биржа Басқармасының Президенті;  
Ішкі аудит қызметі – Биржаның ішкі аудит қызметі.
3. Қағида Биржаның ішкі құжаты болып табылады және Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына, Биржаның Корпоративтік кодексіне және Жарғысына және басқа да Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
4. Аудит жөніндегі комитет Биржалық кеңестің кеңестік-мәжілістік органы болып табылады және Биржалық кеңестің құзырлығына жататын немесе Биржа Басқармасының қызметін бақылау және Биржалық кеңеске және Биржа Басқармасына қажетті ұсыныстарды әзірлеу тәртібінде Биржалық кеңес зерттейтін мәселелерді тереңдетіп қарастыру үшін құрылады.
5. Аудит жөніндегі комитет Биржалық кеңеске есеп береді, Биржалық кеңес және осы Қағидада ұсынылған құзырлықтың аясында қызмет етеді.
6. Өз қызметінде Аудит жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржа Жарғысын, Биржа акционерлерінің жалпы отырысының шешімдерін, Биржалық кеңестің шешімдерін және осы Қағиданы басшылыққа алады.

### **II. Аудит жөніндегі комитет қызметінің мақсаты**

7. Аудит жөніндегі комитет жұмысы:
  - 1) Биржаның қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін орнату;
  - 2) ішкі бақылау және тәуекелдерді бақылау жүйелерінің сенімділігін және тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік бақылау саласында құжаттардың орындалуын бақылау;
  - 3) тәуелсіз сыртқы және ішкі аудитті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үдерісін бақылау;
  - 4) осы Қағиданың талаптарына сәйкес басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеу арқылы Биржалық кеңеске көмек көрсетуге бағытталған.

### **III. Аудит жөніндегі комитеттің қызметтері**

8. Аудит жөніндегі комитет белгіленген тәртіпте мынадай қызметтерді атқарады:
  - 1) қаржылық есеп берушілік мәселелері бойынша:
    - а) қаржылық есеп берушілікті, сондай-ақ қаржылық есеп берушілікте қолданылған принциптердің дәлелділігін және қолайлылығын, қаржылық есеп берушілікте маңызды бағалау көрсеткіштерін, есеп берушіліктегі маңызды түзетулерді Басқарамамен және сыртқы аудитормен талқылайды;
    - б) Биржаның есептік саясатындағы ұсынылған (болжалмалы) өзгерістерді және осы өзгерістердің есеп берушілік мазмұнына әсерін Басқарамамен және сыртқы және ішкі аудиторлармен талқылайды;
    - в) Биржаның қаржылық есеп берушілігіне қатысты сыртқы аудитор мен Басқарма арасында туындаған кез келген маңызды келіспеушіліктерді қарастырады;
    - г) Биржаның Есеп берушілік саясатын алдын ала мақұлдайды;

- д) Биржаның жылдық есеп берушілігін алдын ала мақұлдайды;
- 2) ішкі бақылау және тәуекелдерді бақылау мәселелері бойынша:
- а) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жағдайы туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдайды;
  - б) Биржаның ішкі бақылау құралдарының және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін талдайды;
  - в) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қатысты Биржаның ішкі және сыртқы аудиторлары ұсыныстарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
  - г) маңызды тәуекелдерді және ішкі бақылау мәселелерін, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруда Биржаның тиісті жоспарларын қарастыру үшін Басқармамен тұрақты кездесулерді өткізеді;
  - д) ішкі бақылау және тәуекелдерді бақылау жүйелері бойынша Биржаның саясатын және процедураларын алдын ала мақұлдайды;
  - е) ішкі бақылау және тәуекелдерді бақылау жүйелерін жетілдіру бойынша Биржа әзірлеген шаралардың (түзету қадамдарының) орындалу нәтижесін және сапасын талдайды;
- 3) сыртқы аудит мәселелері бойынша:
- а) Биржаның сыртқы аудиторын тағайындау және ауысуы бойынша мәселелерді тексереді және осы мәселеге қатысты ұсыныстарды әзірлейді;
  - б) сыртқы аудитордан оның Биржаға көрсететін (көрсетуді жоспарлайтын) барлық тиісті ілеспелі қызметтерінің тізімін алуды қамтамасыз етеді және оны сыртқы аудитормен талқылайды. Ілеспелі қызметтердің аудитордың тәуелсізділігімен сәйкестігін бағалайды. Биржалық кеңеске сыртқы аудитордың тәуелсізділігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдауды ұсынады;
  - в) сыртқы аудитордан ілеспелі қызметтерді алуды алдын ала мақұлдайды;
  - г) Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігінің аудитін жүргізуге сыртқы аудитормен жасасатын келісім-шарт жобасының маңызды шарттарын алдын ала мақұлдайды;
  - е) сыртқы аудитормен бірігіп, жыл сайынғы және аралық аудиттер нәтижелерін, соның ішінде аудиттер қорытындылары бойынша Басқарма ақпаратын қарастырады;
  - ж) Басқарма мүшелерінің қатысуысыз, кемінде жарты жылда бір рет, сыртқы аудитормен кездесулер өткізеді;
- 4) ішкі аудит мәселелері бойынша:
- а) ішкі аудит қызметінің қызметіне жетекшілік етеді;
  - б) ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттілік мерзімі, оның жетекшісі мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстарды енгізеді;
  - в) ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбекақы және сыйақы мөлшері және шарттары, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ұсыныстарды Биржалық кеңеске енгізеді;
  - г) ішкі аудит қызметі туралы қағиданы, ішкі аудит саясатын, процедураларын және ішкі аудит қызметінің қызметін реттейтін басқа құжаттарды, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, ішкі аудит қызметінің Басқармадан тәуелсізділігін қамтамасыз етеді;
  - д) Биржаның еншілес және тәуелді ұйымдарында ішкі аудит қызметі жетекшілерінің және қызметкерлерінің кандидатураларымен алдын ала келіседі, сондай-ақ оларда директорлар кеңесі және аудит жөніндегі комитет болмаған жағдайда, олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

- е) Биржаның еншілес және тәуелді ұйымдарының Директорлар кеңесі және Аудит жөніндегі комитет болмаған жағдайда, олардың саясатын және ішкі аудит процедураларын алдын ала мақұлдайды;
- ж) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын, бюджетін (шығындарын) сметасын алдын ала мақұлдайды;
- з) жұмыс нәтижелерінің және ең маңызды аудиторлық пікірлердің жалпылаған форматында берілген ішкі аудит қызметінің тұрақты есептерін алдын ала мақұлдайды;
- и) ішкі аудит қызметіне алдына қойған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін, бар шектелімдер мәселесін қарастырады, мұндай шектелімдерді жоюға ықпал етеді;
- к) Басқарма мүшелерінің қатысуысыз, кемінде тоқсанда бір рет, ішкі аудит қызметі жетекшісімен кездесулер өткізеді
- л) ішкі аудит қызметінің қызметін алдын ала бағалайды;
- м) қажетті жағдайда ішкі аудит қызметімен ынталандыратын мәселелерді тәуелсіз тексеруге (бағалауға) бастамашы болады.

Егер Биржада ішкі аудит қызметімен ынталандыратын мәселелерді тәуелсіз тексеруге (бағалауға) қажеттілігі туындаса, Биржа Президенті осы тәуелсіз тексеруді (бағалауды) жүзеге асыруға рұқсат алу үшін аудит жөніндегі комитетке жүгінеді;

- 5) заңнаманы сақтау мәселелері бойынша:
  - а) заңнаманы сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған, Биржаның ішкі процедураларының тиімділігін бағалайды;
  - б) заңнаманың сақталуы мәселелері туралы өкілетті органдарының (соның ішінде салық), сыртқы және ішкі аудиторлардың, Басқарма мүшелерінің есептерін қабылдайды және зерделейді;
  - в) **"тікелей желі"** процедурасы бойынша ұсыныстарды енгізеді, бұл процедура арқылы Биржа қызметкерлері жасырын түрде заңнаманың болжалмалы бұзушылықтары немесе асыра пайдаланушылық туралы, соның ішінде қаржылық есеп берушіліктің толықтығы мен дәлелділігіне қатысты ақпаратпен жұмыс жасайды, сондай-ақ мұндай жасырын хабарламаларды қарастыру және оларға жауап беру тәртібіне қатысты ұсыныстарды қарастырады;
- 6) қызметі туралы есеп берушілік:
  - а) ең көбі жылына бір рет тұрақты түрде өзінің қызметі туралы Биржалық кеңестің алдында есеп береді;
  - б) Аудит жөніндегі комитет жұмысының нәтижелері туралы ақпаратты Биржалық кеңестің есебіне енгізу және оны Биржа акционерлерінің жалпы отырысында ашу үшін әзірлеуді жүзеге асырады;
- 7) басқа міндеттері:
  - а) қажеттілікке қарай арнайы зерттеулерді (тексерулерді), соның ішінде тәуелсіз кеңесшілерді (сарапшыларды) тарту арқылы өткізу бойынша Биржалық кеңеске ұсыныстарды жасайды;
  - б) алаяқтық орын алған жағдайларды талдайды және жалпылайды, алдағы уақытта алаяқтықтың алдын алу үшін Биржа Басқармасының қабылдаған шараларының бара-барлығын бағалайды;
  - в) Биржалық кеңестің тапсырмасы бойынша Комитеттің құзырлығына жататын басқа да міндеттерді орындайды.

#### **IV. Аудит жөніндегі комитеттің құрамы, мүшелерінің сайлануы және өкілеттілік мерзімі**

9. Аудит жөніндегі комитеттің сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Биржалық кеңестің құзырлығына жатады.

Аудит жөніндегі комитет мүшелеріне сыйақы төленеді және/немесе олардың өз міндеттерін орындауына байланысты шығындар өтеледі, олардың мөлшерін және төлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді немесе Биржалық кеңес анықтайды.

10. Аудит жөніндегі комитет құрамы Биржалық кеңес мүшелерінен және Аудит жөніндегі комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан қалыптастырылады.
11. Аудит жөніндегі комитет тәуелсіз директорды(ларды) қосқанда, кемінде үш мүшеден құрылуы тиіс. Аудит жөніндегі комитет Төрағасы тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.

Тәуелсіз болып табылмайтын, Биржалық кеңес мүшесі Аудит жөніндегі комитет құрамына, егер де Биржалық кеңес айырықша жағдайда аталмыш тұлғаның Аудит жөніндегі комитет мүшелігі Биржа және оның акционерлерінің мүддесін қарастыратын болса, сайлануы мүмкін. Мұндай сайлау туындағанда Биржалық кеңес Биржа акционерлері алдында есеп бергенде директордың тәуелділік сипатын ашып, оның Аудит жөніндегі комитетке қабылдануы туралы шешімді дәлелдеуі тиіс.

Аудит жөніндегі комитет Төрағасы немесе Комитеттің кез келген мүшесі өз еркімен өкілеттілігін тоқтатуы мүмкін, егер де бұл туралы өтінішін, Биржалық кеңес төрағасына өкілеттілігін тоқтатудың болжалмалы күніне кемінде 30 күн қалғанда, ұсынған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

12. Аудит жөніндегі комитет құрамы мүшесінің кемінде біреуінің бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп берушілікті дайындау және/немесе қаржы және/немесе аудит саласындағы біліміне тиісті жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.
13. Аудит жөніндегі комитет хатшысын Аудит жөніндегі комитет Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері қатарынан сайлайды немесе ол Биржалық кеңестің Корпоративті хатшысы болып табылатын Биржа қызметкері болуы мүмкін.

Комитет хатшысы Комитет жұмысын ұйымдастыру және ақпараттық қамсыздандыру бойынша қызметтерді жүзеге асырады.

Аудит жөніндегі комитет хатшысы Аудит жөніндегі комитет отырысын дайындауды және өткізуді, отырысқа арналған материалдарды жинауды және жүйелеуді, Аудит жөніндегі комитет мүшелеріне және шақырылған тұлғаларға Аудит жөніндегі комитет отырысының өтетіні, отырыс күн тәртібіндегі мәселелер, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар туралы хабарламаларды уақытылы жіберуді, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитеттің барлық тиісті материалдарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Хатшы Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің қажетті ақпаратты алуын қамтамасыз етеді.

#### **V. Аудит жөніндегі комитет Төрағасы**

14. Аудит жөніндегі комитет Төрағасы мынадай қызметтерді атқарады:

- 1) Аудит жөніндегі комитет отырыстарын шақыртады және олардың өткізілу формасын анықтайды, оларға төрағалық жасайды, Аудит жөніндегі комитет отырысының хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады;
- 2) Аудит жөніндегі комитет, Ішкі аудит қызметі мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Аудит жөніндегі комитет отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 3) Аудит жөніндегі комитет мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі;
- 4) Аудит жөніндегі комитет отырысының ағымдағы жылға жоспарын жасайды, Аудит жөніндегі комитет шешімдері мен жоспарларының орындалуын бақылайды;

- 5) Аудит жөніндегі комитет жұмысының нәтижелері бойынша Биржалық кеңес алдында есеп береді;
  - 6) Аудит жөніндегі комитет өкілеттілігі аясында басқа қызметтерді атқарады.
15. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін Аудит жөніндегі комитет Төрағасының орынбасары атқарады. Аудит жөніндегі комитет Төрағасының орынбасарын Аудит жөніндегі комитет Төрағасы Аудит жөніндегі комитеттің сайланған мүшелері қатарынан тағайындайды.

#### **VI. Аудит жөніндегі комитет мүшелері**

16. Аудит жөніндегі комитет мүшесі белгіленген тәртіпте:
- 1) лауазымды тұлғалардан және Биржа қызметкерлерінен Биржаға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды), егер аталған ақпарат Аудит жөніндегі комитет мүшесі қызметін жүзеге асыруға қажет болған жағдайда, сұратуға және алуға;
  - 2) осы Қағидада анықталғандай, Аудит жөніндегі комитет бақылауындағы мәселелер бойынша кез келген тексерістерді бастауға және өткізуге;
  - 3) Аудит жөніндегі комитет отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, аудиторлық тұжырымдармен танысуға;
  - 4) Аудит жөніндегі комитет отырысы хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданған шешімдер жөнінде өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
  - 5) Аудит жөніндегі комитет отырысын шақыртуды талап етуге;
  - 6) Аудит жөніндегі комитет отырысының күн тәртібіне сұрақтарды енгізуге;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржа Жарғысында, Биржаның басқа ішкі құжаттарында қарастырылған, өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

#### **VII. Аудит жөніндегі комитет жұмысының тәртібі**

17. Аудит жөніндегі комитет күндізгі отырыстарды кемінде тоқсанда бір рет және кезектен тыс отырыстарды қажеттілікке қарай өткізеді. Аудит жөніндегі комитет қарастырылатын мәселелердің маңыздылығына қарай, отырысты өткізудің формасын таңдайды.

Аудит жөніндегі комитет хатшысы Аудит жөніндегі комитеттің күн тәртібін әзірлеп, отырыстың жоспарланған күніне кемінде 30 күн қалғанда Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға жібереді.

Кворум болған жағдайда - Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің саны жартысынан кем түспегенде Аудит жөніндегі комитет отырысы заңды болып есептеледі.

Аудит жөніндегі комитет отырысы оның Төрағасының бастамасымен немесе:

- 1) Аудит жөніндегі комитеттің кез келген мүшесінің;
- 2) Биржалық кеңестің;
- 3) Биржаның ішкі аудит қызметі;
- 4) Басқарма талабымен шақыртылуы мүмкін.

Аудит жөніндегі комитет Төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда, оның бастамашысы аталған талаппен Биржалық кеңеске жүгінуге құқылы, ал Биржалық кеңес Аудит жөніндегі комитет отырысын шақыртуға міндетті.

Аудит жөніндегі комитет отырысы аталған талапты қойған тұлғаның міндетті қатысуымен өтеді.

18. Отырысқа қатысқан Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің берген дауыстарының көптігіне қарай шешімдер қабылданады. Дауыстар саны тең түскенде шешуші дауыс беру құқығы Аудит жөніндегі комитет Төрағасына беріледі.

Ерекше жағдайларда, қарастырылатын мәселелердің жеделділігі мен маңыздылығына қарай, кворум болғанда, бейне мәжіліс (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс ("телефондық мәжіліс" режимінде Аудит жөніндегі комитет

мүшелерінің бір уақытта сөйлесуі) және басқа байланыс құралдарын пайдалана отырып, Аудит жөніндегі комитет мүшесінің Аудит жөніндегі комитеттің күндізгі отырысына қатысуына жол беріледі. Мұндай жағдайда Аудит жөніндегі комитет мүшесі Аудит жөніндегі комитеттің күндізгі отырысына қатысты деп есептеледі.

19. Аудит жөніндегі комитет мүшелері Аудит жөніндегі комитеттің күндізгі отырыстарына қатысуға міндетті. Қажет болған жағдайда Аудит жөніндегі комитет Төрағасының шақыртуымен Аудит жөніндегі комитет отырыстарына келесі тұлғалар қатыса алады:

- 1) ішкі аудит қызметінің жетекшісі;
- 2) сыртқы аудитордың жетекші партнері және/немесе басқа өкілдері;
- 3) Басқарма мүшелері, соның ішінде бас есепші;
- 4) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратты алу үшін белгіленген тәртіпте тартылған тәуелсіз кеңесшілер (сарапшылар).

20. Аудит жөніндегі комитеттің әрбір отырысының нәтижесі бойынша отырыс өткеннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктермей хаттама толтырылады.

Аудит жөніндегі комитет отырысының хаттамасына Аудит жөніндегі комитет Төрағасы және басқа мүшелері, сондай-ақ оның Хатшысы қол қояды.

Хаттама екі данада толтырылады, оның біреуі қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн аралығында Биржалық кеңес үшін әзірленген материалдармен және ұсыныстармен бірге Биржалық кеңеске жіберіледі, екіншісі Аудит жөніндегі комитет хатшысында сақталады. Хаттама көшірмелері Аудит жөніндегі комитет мүшелеріне жіберіледі.

Аудит жөніндегі комитет отырысының хаттамасында:

- 1) отырыс өткізудің күні, орны, формасы және уақыты;
- 2) Аудит жөніндегі комитет отырысының күн тәртібін қарастыруға қатысқан Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің тізімі, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет отырысына қатысқан басқа тұлғалардың тізімі;
- 3) күн тәртібі;
- 4) күн тәртібінің мәселелері бойынша Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің ұсыныстары;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер мен ұсыныстар көрсетіледі.

#### **VIII. Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің жауапкершілігі**

21. Аудит жөніндегі комитет мүшесі өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан келтірілген залал және жалған немесе алдануға әкеліп соқтыратын ақпаратты ұсыну нәтижесінде келтірілген шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржа және акционерлердің жалпы отырысында жауап береді.

#### **IX. Аудит жөніндегі комитеттің есеп беруі**

22. Аудит жөніндегі комитет Төрағасы Аудит жөніндегі комитет қызметінің нәтижелері туралы есепті Биржалық кеңеске есептік айдан кейінгі екі айдан кейін кешіктірмей ұсынуы тиіс.
23. Биржалық кеңес Аудит жөніндегі комитеттен Аудит жөніндегі комитеттің ағымдағы қызметі туралы есепті ұсынуды кез келген уақытта талап етуге құқылы. Мұндай есепті әзірлеу және ұсыну мерзімі Биржалық кеңестің шешімімен анықталады.
24. Аудит жөніндегі комитет қызметі туралы ақпарат Жылдық есептің белгілі бір тарауына енгізілуге жатқызылады.

#### **X. Аудит жөніндегі комитет қызметін қамсыздандыру**

25. Аудит жөніндегі комитет қызметін қамсыздандыру үшін бюджеттің шығындарға қатысты бөлігін қалыптастыру кезінде шығындардың жеке бабы қарастырылады. Аудит жөніндегі комитет шығындарына Аудит жөніндегі комитет Төрағасы мен мүшелерінің сыйақысы, басқа да шығындар кіреді.

26. Аудит жөніндегі комитет мүшелеріне сыйақы Аудит жөніндегі комитеттің әрбір отырысы үшін төленеді. Аудит жөніндегі комитет мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерлемесі мен тәртібі Акционерлердің Жалпы отырысында белгіленеді немесе Биржалық кеңес анықтайды.

#### **XI. Құпиялылық**

27. Аудит жөніндегі комитет мүшесінің міндеттерін атқару, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитетте өкілеттілігі мерзімінің аяқталуы кезеңінде Аудит жөніндегі комитет мүшесі болып табылатын (болып табылған) тұлғалар өздерінің Аудит жөніндегі комитеттегі қызметтеріне байланысты алынған ақпаратқа қатысты қатаң құпиялылық талабын сақтауға тиіс.

#### **XII. Басқа ережелер**

28. Осы Қағиданы, сондай-ақ оған енгізілетін толықтыруларды және өзгертулерді, Биржалық кеңес бекітеді.

Комитет төрайымы

Ж.К. Бердалина